

КҮРДЕЛІНІ ҚАРАПАЙЫМ ТІЛМЕН ТҮСІНДІРУ



МАХАББАТҚА ДАЙЫН БОЛУ
ТУРАЛЫ



Күрделіні қарапайым тілмен түсіндіру

Махаббатқа дайын болу туралы

Безендірген
Зубарева Елена

Астана
2023

УДК 159.9

ББК 88.1

П 82

*Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Республикалық психикалық
денсаулық ғылыми-практикалық орталығымен ұсынылған*

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім Академиясымен ұсынылған

Автор: Айтмухамбетов Е.А.

**Күрделіні қарапайым тілмен түсіндіру. Махаббатқа дайын болу туралы. – Астана:
«Bilim Foundation» КҚ, 2023. – 55 б.**

ISBN 978-601-7638-46-7

«Күрделіні қарапайым тілмен түсіндіру. Махаббатқа дайын болу туралы» кітабында жасөспірімдердің жыныстық тұтастығына қарсы қылмыстардың алдын алу және оның қауіпсіздігін қамтамасыз етудің негізгі аспектілері қарастырылған. Қалыс қалу, жыныстық жетілу көрінісі мен саналы келісімнің маңыздылығы сияқты тақырыптарға назар аударылады.

Кітап жасөспірімдер мен олардың ата-аналарына арналған. Мектеп психологы бұл материалды тәжірибелік жұмысында қосымша ретінде пайдалана алады.

УДК 159.9

ББК 88.1

П 82

ISBN 978-601-7638-46-7

© «Bilim Foundation» корпоративтік қоры

Кітаптағы ақпаратты қолдану кезінде кітапқа сілтеме көрсету міндетті.

Барлық құқық авторларға тиесілі, құқық иесінің жазбаша рұқсатынсыз кітаптағы ақпаратты және объектілерді көшіру, тарату немесе басқа мақсатта қолдануға тыйым салынады.



*Өзге адамды өзіңдей құрметтеуден,
өзіңе қалағандай қатынас танытудан
артық ештеңе жоқ.*

Конфуций

*Ашу мен қорқыныш қана қысым
көрсетуге итермелейді.*

Фрэнсис Бэкон

Мазмұны

Қымбатты оқырман!.....	8
Жылулық жетіспеген кезде	10
<i>Психолог жазбалары.....</i>	25
Өзіңнің құраған өтірігіңе өзің сене бастаған кезде	29
<i>Психолог жазбалары.....</i>	35
Бұл жағымсыз сезім	38
<i>Психолог жазбалары.....</i>	47
Бұл саған қажет болар.....	50
Ата-ана мен қамқоршы назарына	51
Авторлар мен безендіруші туралы.....	54

Қымбатты оқырман!

Қазір сен өзіңнің психологиялық, физиологиялық және де рухани ерекшеліктеріңнің керемет даму сатысында тұрсың. Сен өзіңнің және айналаңдағы әлемді қабылдауыңның қалай өзгеріп жатқанын байқайсың, бұл, өз кезегінде, саған өзіңнің тартымдылығыңның жаңа бейнесі іспетті. Өз ортаңа солайша – басқа адам ретінде көрініп, өзіндік ересек көзқарасы бар, ойлары, пікірі қалыптасқан адам ретінде өзгересің. Сонымен бірге сенің бойыңдағы физикалық өзгерістер сені одан да көрнектірек, тартымдырақ ете түседі, кейде тіпті сен және сенің жеке басыңа қатысты жақсылық ойламайтын адамдардың өзіне де. Бұл кітапта жыныстық тұтастыққа қарсы қылмыстардың қауіпсіздігі мен алдын алуды қамтамасыз етудің негізгі аспектілері қарастырылған: өзін-өзі ұстау, жыныстық жетілудің көрінісі, саналы келісімнің маңыздылығы секілді маңызды тақырыптар қозғалады.

Сонымен қатар сен өзара қарым-қатынастың ерекшеліктерін, тек рухани деңгейде емес, сонымен қоса физикалық деңгейде, тұлғалық және физикалық жақындықтың құндылықтарын ескеріп, оларға дайын екендігі туралы айтылатын оқиғаларды таба аласың. Үлкендерге айтуға ұялатын қиын жағдайға түскеніңде өзіңді қалай дұрыс ұстауды біле аласың, өтіріктің неге алып келетінін және қалай саған әсер ететінін

біле аласың, саған қарсы шығатын ашу-ызамен және өзіңе-өзің көрсете алатын ашу-ызамен қалай күресуді біле аласың, оның себептері мен әлсіз тұстарын қарастыра аласың. Бұл кітап саған, біріншіден, өзіңнің физикалық тартымдылығыңды, оны дұрыс көрсету тәсілін, оны тұлғаның дамуы мен тұлғалық абыройы арқылы басқаруды үйренетін жақсы көмекші құрал бола алады.

Жылулық жетіспеген кезде

Ануар екеуміз сыныптастарымызбен барған отырыстардың бірінде таныстық. Басында мен одан ұялатынмын, ол маған бірден бұрын-соңды кездескен балаларға ұқсамайтын сияқты көрінді. Оның бойындағы бір дүние мені онымен жақынырақ танысуға тартты. Бақытыма орай, таң қалғаным: ол маған бірінші болып жақындады, әдетте мен тасада байқалмай қалатынмын. Мен тіпті ешкімге байқалмайтын, белгісіз сұр тышқандай болуға үйреніп қалғандай болдым. Кеш бойы әңгімелесіп шықтық.

Ол маған университетті үшінші курсты әрі қарай оқуда мән жоқ екенін түсінген соң тастап кеткенін айтты. Біз кездескен сәтте ол жиырма үш жаста еді. Ол мені мүлдем ұялтпады, өйткені ол менің сыныптастарыма қарағанда ақылдырақ, байсалдырақ болып көрінді, ал олар әлі бала сияқты. Біздің ортақ қызығушылықтарымыз көп еді, ол мені өмір туралы көзқарасымен қатты баурап алды. Кеш бойы мен оны, ол мені баурады, кейде бөлмеде екеумізден басқа ешкім жоқ болып көрінді. Ол маған жасыңа қарамастан ақылдысың деп, менің сыртқы келбетім туралы жағымды пікір білдірді. Маған бұрын-соңды ешкім ешқандай пікір білдіріп, байқамағаннан соң оның айтқандарына мен бірден сенбедім. Өмірімдегі көп дүниені өзгерткен сол бір кештің өзінде оған қалай ғашық болып қалғанымды байқамадым.

Сол кештен кейін Ануар маған жазып, хабарласа бастады. Мен сабақтан соң жиі қыдыратынмын, содан онымен ұзағырақ кездесу үшін сабақтан кетіп қалатын



болдым. Ол кезде онымен араласу – өмірімде менімен болған ең керемет дүние шығар деп ойладым, себебі ол мені басқалардан артық бағалайтын және сол арқылы менің құндылықтарымды есіме салып отырытын. Маған әсіресе үйдегілерден, басқалардан осы жетіспейтін. Менің кіші інім мен сіңлім болатын, ата-анам оларға көп көңіл аударып, мен өзімді тек олардың күтушісі ретінде сезінетінмін. Содан, қалай тырыссам да, мені байқамағандықтарынан ата-анама көңілімнің жоқтығын, олар маған көңіл аудармайтындарын, үнемі қолдары тимейтіндерін айтып ренжігенде маған ұрсып, менің үлкен екенімді айтатын.



*Ануар пайда болған кезде мен қайтадан өзімнің
біреуге керек екенімді, ең бастысы, ол кезде маған
қажет болған, шынайы болып көрінген
қамқорлық, нәзіктікті сезінетінмін.*



Мен түнге дейін Ануармен қалатынмын. Ал ата-анама құрбыларыммен жобаға дайындалу үшін оларда қаламын деп айтатынмын. Олар маған сеніп, тексермейтін де. Ануар жалдамалы пәтерде өзі тұратын, сондықтан екеуміз ғана уақыт өткізетін едік. Бастапқы бір екі аптада болып жатқанның бәрі ертегідей болып көрінетін.

Бір рет Ануар оның үйінде қонып қалуымды талап етті, кеш болып, қараңғы түсіп қалған еді, оның ұсынысы

маған әдемі қамқорлық болып көрінді. Оның талап еткенінен өзімде таңдау жоқтай сезіндім. Біз тамаққа тапсырыс беріп, кино қостық. Фильм ортасына жеткенде ол маған қатты тиісе бастады, сүйіп бастап кино көрсетпеді. Мен одан тынышталуын өтіндім, ол менің сөздерімді естімеді де. Мен өзімді жайсыз сезіндім, не істерімді білмедім. Біз бұған дейін де сүйіскенбіз, бірақ бұл жолы ол көйлегімнің астына қолын сала бастап, ашулы болды. Мен одан тағы да тоқтауын өтіндім, ол болса тек мені қатты сүйетінін айтты. Мен өзімді жайсыз сезіндім, денем қатып қалғандай болды, не сезінгенімді білмедім. Қатты қорықтым, неге екенін түсіне алмадым, оны білетінмін, маған жақсы қарым-қатынас танытатын. Мен тұрып кетіп, жиналып, үйге қайтқым келді. Сол сәтте Ануар жылдам өзіне келіп, менен кешірім сұрай бастады. Менің сұлу, тартымды екенімді айтып, маған деген махаббаты басын айналдырғанын жеткізді. Жалынды үнмен ол:

- Олай тез кетпе, қазір мені жалғыз қалдырып кетпейтін шығарсың. Сен ондай емессің ғой, саған да, маған сияқты, қарым-қатынасымызды сақтап қалу маңызды, солай емес пе?

Менің ішімде екі дауыс сөйлегендей болды. Біреуі жылдам біреуге хабарласып, мені алып кетіп, үйге апарып тастауын өтін дейді. Екінші дауыс жәй ғана қалып, Ануарға бір мүмкіндік бер, өйткені ол саған қамқорлық танытып, сені жақсы көреді ғой деді. Ануар жақындап, ақырын құшақтаған кезде жоқ деп айта алмай, бірге қалдым. Бірақ кеш бойы өне бойымнан үрей кеткен жоқ. Мен Ануарды басқа жағынан көре бастадым. Сол сәтте іштей оны ақтай бердім, неге ол менің рұқсатымсыз

маған тиісе бастады, соңында өзім тапқан сылтауларға сеніп қалдым.

Біз әрі қарай сөйлесе бастадық, ол маған тағы да қонуға ұсыныс жасады, бірақ осы кезде біздің қарым-қатынасымыздан үлкен дүние күтетінін жеткізді.

- Сен нені меңзеп тұрсың? - деп мен ұялып сұрадым.

- Сен үлкенсің, не қаласаң соны жасай аласың. Мен бір жаңа дүниені байқап көрерміз деп ойладым. Мүмкін, біз махаббатымыздың жаңа баспалдағына өтерміз. Жалпы, дұрыс дүние ғой!? – деп көзін қысып айтты Ануар.



*- Мен, енді, білмеймін, ол туралы ойламадым.
Мен дайын емеспін.*



- Әлі қанша уақыт дайын емеспін деп дейсің? – ашуланып айтты Ануар.

Мен өзімді жайсыз сезіндім, одан сәл ары тұрдым. Оны байқаған Ануар бірден өзгеріп, тыныш және мейірімді әңгімесін жалғастырды.

- Оның не? Сен білесің ғой, мен саған жамандық тілемеймін. Біз ұзақ уақыт біргеміз. Жарайды, кешір, жәй бүгін маған кел.

- Жарайды, кешке көрісеміз, - деп тыныш үнмен жауап бердім.

Мен өзімді жайсыз сезіндім, онымен қоса, оған қарсы шыға алмадым. Күні бойы өзімді әйнектің ар жағында жүргендей сезіндім. Бәрі бұлыңғыр, сабақта ойымды жинай алмадым. Оны құрбым байқап қойды да, менен сұрай бастады.

- Мерей, сенімен бәрі жақсы ма?

- Иә, әрине, бәрі жақсы.

- Сен оқшауланып жүрген сияқтысың. Сені не мазалайтынын айтсаңшы.

- Менің осы аптада ұйқым қанбады. Онымен қоса, Ануармен де бір нәрсе болып жүр. Ол туралы сөйлескім келмейді.

- Сен онымен әлі жүресің бе? Мерей, ол сенен он жасқа үлкен ғой!

- Иә, не болыпты? Ол маңызды емес. Ол маған жақсы қарым-қатынас жасайды, мені ғана көріп, менімен ғана сөйлеседі. Жалпы, ол мені жақсы көреді.

- Сен онымен бір нәрсе болып жүр деп айттың ғой. Сендер ұрысып қалдыңдар ма?

- Ондай емес. Ол тек кішкене өзгеріп кетті.


- Қалай өзгерді?

- Талап еткіш болып кетті... Жарайды, бұл маңызды емес. Маған солай көрінген шығар.

Содан кейін мен тарауды оқып тастауым керектей сыңай таныттым. Мен онымен Ануар туралы сөйлескім келмеді. Маған Ануардың менің рұқсатымсыз қол салғанын айтуға ұялдым. Негізінде мен кінәлі емеспін, бірақ болған жағдайға өзімді кінәладім.

Кешке Ануарға келдім. Біз кешкі ас дайындадық, сосын ол менен күнімнің қалай өткенін, мектепте жағдайым қалай екенін сұрай бастады. Сөйлесіп жатқан кезде өзімді жайлы сезіндім. Мен тынышталып, бәрі дұрысталған шығар деп ойладым.

Таңертең ұйқымнан толық оянбай тұрып Ануардың ақырын менің түймелерімді шешіп, қолын сала бастағанын сездім. Қорыққанымнан дауысым жоғалып кетті. Бұның бәрі түс болғанын қаладым. Болып жатқан жағдайдан қатты қорықтым, одан тек дөрекі күш пен шыдамсыздық, еріксіздікті сездім. Өзім үшін тұра алмағанымға қатты қорықтым. Шалбарымды шешуге тырысқан кезде шыдай алмай, әжетханаға баруым керек деп айғайлап жібердім. Ол өзінің қаттылап ұстап алған қолдарын жіберді, мен төсектен атып тұрып, әжетханаға қарай жүгіріп кеттім. Кіріп алып есікті құлыптап, ішімнен дірілдеп, не істерімді білмей, есімнен танытындай халде қатты қорқып тұрдым, басымда мына жерден қалай қашып кетсем екен деген бір ғана ой тұрды. Сол сәтте Ануардың балконға темекі тартуға шыққанын естіп, бұл менің жалғыз мүмкіндігім деп ойладым. Әжетханадан барынша үнсіз шығып, киімдерімді қолыма жинап алып, кіреберістің дәлізіне қарай жүгірдім. Баспалдақпен астыңғы қабатқа қарай жүгіріп кеттім, бірінші қабатқа түсіп, демімді алып, құрбыма хабарласып, келіп алып кетуін өтіндім.



Далаға шығып, көрші көпқабатты үйдің ауласына қашып кеттім. Күртешемді үстіме жауып алып, ағаштың жанындағы орындыққа отырдым. Таң енді атқан кез еді, алыстан, көрші көшеден мәшинелердің дауыстары естіліп бастаған. Ол тыныштық менің өз-өзіме келуіме көмек-тесті, көзімнен жас аға бастады.



Басыма неше түрлі ойлар келе бастады: неге ғана оның қасында қалуға келістім? Ол қалай мұндайға барды? Егер пәтерден шыға алмасам не істер едім? Ата-анамның көзіне қалай қарайтын едім? Неге олай болды? Неге ол өзгеріп кетті?



Бұл ойлардан жағдайым одан сайын қиындап кетті, дірілдеп, қорқа бастадым. Мен сенім артқан, қолдау күткен адамым өзінің іс-әрекеттерімен мені сатып кеткенінен қорықтым.

Мен өзімді тыныштандыра алмадым, дем алуым қиындап, көз жасым тоқтамады. Өзімді қолға ала алмаған соң терең дем ала бастадым, қатты уайымдаған сәтте солай жасайтынмын, маған көмектесетін. Бұл жолы да мен жеңілдеп қалдым. Бір сәтте телефоным шырылдады, мен құрбым деп ойласам, Ануар екен. Телефонымды көтермедім, маған қорқынышты болды. Осы қорғанышсыз жағдайға қайтадан түсемін бе деп қорықтым.

Кейін құрбым келді. Оны көре сала тағы да көзіме жас келді. Оны құшақтап алып, тоқтамай жыладым. Ол менің сөйлесетін жағдайда емес екенімді түсінді. Біз таксиге отырып, оның үйіне бардық. Жол бойы мені құшақтап отырғанда оның қолдауын сезіндім.

Үйге келген соң диванға отырдық. Үйінде ешкім болмады, ата-анасы жұмыстарына кетіп үлгерген болуы керек. Мен тыныштала бастадым.

- Не болды? – деп ақырын дауысымен сұрады құрбым.

- Ануар... Ануар маған тиісті ... Ол үшін мен қатты ұяламын. Ол маған қолын сұғады деп ойламадым. Ол сондай жиіркенішті болды. Уақытында қашып кетіп менің жолым болды. Содан бірден саған хабарластым.

- Ей, сен оған кінәлі емессің. Ол ғой саған тиісе бастаған, ал сен оны қаламадың. Бұл жағдайда өзіңді кінәлаудің қажеті жоқ, саған ол тиісті.

- Мен өзім араластым ғой онымен, мені ешкім қинаған жоқ үйіне бар деп!

- Иә, араластың, бірақ сен былай болады деп күткен жоқсың ғой! Сондықтан ұялуды қой! Оған өзінің іс-әрекеттері үшін ұялу керек! Ондай істер келісіммен болады, қинап емес, – деп нақты айтты.

- Иә, мен барлығы бұлай өзгереді деп ойлаған жоқпын! – деп көңілім түсіп айттым.

- Менің ойымша, саған ішіңдегіні шығару керек,



өзіңде ұстама. Бәрін шығарып таста, ішіндегі жиналғанның бәрін, тіпті жылап ал, сені не уайымдатады – бәрін айт, – деп менің қолымды ұстады.

Ішімде сол кезде түрлі сезімдер толып кетті. Бір сәтте ашу, ұят және басқа да сезімдерді сезіне бастадым. Мен оның сөзіне еріп, өз уайымыммен бөлісе бастадым. Бәрін айтып болған соң кішкене жеңілдеп қалдым.

Бірақ бұл жағдай менің өміріме әсер етпей қоймады. Басында мектепке барғым келмей, оқуға деген талпынысым жоғалды. Ашуланшақ болып кеттім, ұйықтай алмайтын болдым. Асия болса маған көмектесуге тырысып, үнемі менің жалғыз емес екенімді қайталап, керек жағдайда өзімен немесе үлкендердің біреуімен сөйлесе алатынымды айтатын. Уақыт өте келе мен бұл жағдайды босата бастап, өзімді кінәлауді тоқтаттым. Бәрі әрі кетпей тұрғанда тоқтата алғаным үшін қуандым. Менің ойымша, маған ол кезде одан да қатты қиын болушы еді, Ануардың қалаған дүниесіне мен әлі дайын емес едім. Мен ол әрқашан екіжақты келісіммен болады деп әрі бізде жақын арада болмайды деп ойлады. Мені оған қатты тартты, өйткені оның маған жиі көңіл аударып, жылы сөздер айтатыны ұнайтын. Маған тек ол ғана мені естіп, көретіндей еді.

Айтпақшы, сол оқиғадан кейін Ануар маған жиі хабарласып, жаза беретін. Оның әрбір хабарласуы мені мазалайтын. Оның нөмірін бұғаттап тастасам да, басқа нөмірлерден хабарласатын. Менің айтқан сөздерім оған сенімсіз болып естілген сияқты. Ол менімен сөйлескісі келіп, ара-тұра мектептің жанында күтіп тұратын. Әр кез онымен сөйлеспеу үшін құрбыма мені үйге дейін

шығарып салуын өтінетінмін. Анық оның бетін қайтаруға дайын емес едім. Құрбым менің көмекшім болды, оған: «Әрі кет, ол сенімен сөйлескісі келмейді!» – дейтін.

Бір күні құрбым қосымша сабақта қалып, үйге өзім жалғыз қайтуыма тура келді. Сол сәтте тура маған қарама-қарсы келе жатқан Ануарды көрдім. Мен сасқалақтап, жүрегім қатты соғып, тыныс ала алмай, дүрбелеңге түстім. Бірақ жігерімді бойыма жинап, оған енді араласа алмайтынымыз туралы айтып түсіндіруім керектігін білетінмін. Ол жақындап қалғанда терең дем алып, ойша «Өзіңді қолға ал, жинал!» деп айтатын сөзімді құрастыра бастадым.

- Иә, сәлем! – деп жымыып сөйледі.

- Сәлем – деп ешқандай сенімсіздіксіз айттым.

- Сен неге олай істейсің, қашып кетесің, дұрыс адамдар қарым-қатынаста өздерін олай ұстамайды, – деп мені кінәлай сөйледі.

- Неге мен олай істеймін? Ал сен өз іс-әрекеттерің туралы ойландың ба?

- Қандай іс-әрекеттер? – деп ештеңе түсінбегендей сөйледі.

- Пәтеріңде болған жағдайды! – оның көзіне қарап тұрып, қандай әсерде болатынын көргім келіп айттым.

- Ааа, қойшы, оның не? Мен жәй сен әдемі болған соң өзімді ұстай алмадым, – деп байсалды түрмен айтты.

Мені оның жайбарақаттығы мен болған жағдайға, менің сезімдеріме мән бермеуі ызаландырды. Бірақ қазір барынша өзімді ұстап, табандылықты көрсетуім керектігін түсінетінмін.

- Тыңда, маған мұндай қарым-қатынас керек емес. Мен сен сияқты адаммен әрі қарай араласқым келмейді. Өйткені саған мен оны қалаймын ба, жоқ па бәрібір еді! Білесің бе, мен өзімді бағалаймын және құрметтеймін! Сондықтан да ондай қарым-қатынасқа шыдап, қарап тұрмаймын. Және маған қайта-қайта хабарласудың, мектептің жанында күтудің қажеті жоқ. Болмаса, үлкендерді қосуға мәжбүр боламын, – деп кесіп, оның сөзімді бөлуіне де мүмкіндік бермедім.


- Сенімен бәрі түсінікті, әлі өспепсің, үлкенмін деп айтушы едің! Сау бол! – деп әрі қарай кетті.

Сол сәтте бір нәрсе айту керек болған соң ғана тауып айтқан сөзі екенін түсіндім. Өйткені үндемей қалса, анық жеңілетін еді. Бірақ маған оның айтқан сөздерінің тіпті құны болмады. Өзім үшін тұрып, ішімдегіні айтып жеткізе алғаным үшін өзіме деген мақтаныш сезімі толқыды.

Осындай жағдайға қайта түспес үшін қарым-қатынаста жауаптырақ болуым керек екенін енді ғана түсіндім. Асиямның болғанына қатты қуандым және де осы туралы сөйлескім келсе, сенім телефонына хабарласа алатынымды білетінмін. Күш-жігерімді бойыма жинап, сенім телефондарының біріне хабарласуым психолог маманмен сөйлесіп, өз уайымдарыммен бөлісуге көмек берді. Ол маған болған жағдайға өзімді кінәламауым керек екенін айтты. Өзің үшін тұруға қорықпауың

керек, маған бұны ертерек істеу керек еді. Келешекте өз шектерімді қаттырақ және сенімдірек көрсетемін деп шештім. Келесі қарым-қатынастарымда жігітім екеуіміз бір-біріміздің саналы таңдауларымызды құрметтеп, зиян келтірмеуге тырысамыз деп үміттенемін.

Психолог жазбалары



Өкінішке қарай, «Жылулық жетіспеген кезде» оқиғасы жалғыз Мерейге қатысты емес еді, жасөспірім қыздар жиі өзін-өзі растау, жылулық, қамқорлық іздеу жолында өздері физикалық және моральді тұрғыда дайын емес ересек қарым-қатынастардың тұтқындары болып жатады. Мерейдің оқиғасы жақсы аяқталды, бірақ жағымсыз аяқталған оқиғалардың қарасы көбірек, сондықтан да, менің қымбатты оқырманым, сен қызың ба, әлде жігітсің бе маңызды емес, саған дұрыс емес қарым-қатынас кез келген адамның өмірінде болуы мүмкін екенін ескерткім келеді. Өзіңнің жеке тұлғалық бостандығыңа, денеңе, ойыңа қол сұғудың алдын алу үшін физикалық жақындықтың не екеніне, ол қалай, қандай жағдайда ол дұрыс әрі қажет, қай жағдайда ауыр және жазалы екеніне өзіңді дайындауың қажет.

Жасөспірімдік жас – жеке тұлғаны қалыптастырудың, «Мен» ұстанымының, әлеуметтік мәртебенің және әлеуетті ашудың ең белсенді кезеңі.

Дәл осы себепті жасөспірімдер көбіне осы жаста өздеріне назардың жетіспеушілігінен зардап шегеді, өйткені олардың ішкі құрылымдары да, сыртқы құрылымдары да тез өзгерістерге ұшырайды, олар түсіністік пен қолдауды қалайды. Алайда тіпті ата-аналары, достары және жақындарының назары оларға аздық етеді, жастық максимализм осылай көрініс береді. Барлығының: қамқорлық, махаббат, қуаныш, ойын-сауық және т.б көбірек болғанын қалайды. Сен жаныңдағылардың жеке шектерін, көңіл-күйлерін, жағдайларын, сезімдерін байқамауың мүмкін, өйткені ол уақытта сенің бар назарың сенің өзіңе ғана бағытталған болады. Бұл жаман да емес

әрі жақсы да емес. Дәл осы жасөспірімдік шақта саған өз шектеріңді құрып, басқаның шектерін құрметтеп үйрену қажет. Мерей өзіне махаббат пен зейіннің жетіспеушілігінде объективті болмады, өйткені ол ішкі тәжірибелерімен бөліскісі келді, өзін маңызды сезініп, ерекшеленгісі келді, мүмкін аздап ересек қарым-қатынасқа да енгісі келген шығар, себебі ол махаббаттық қарым-қатынас үшін өзінен үлкен жас жігітті таңдады.

Қалыптасқан қарым-қатынастан зейін мен қамқорлыққа ие бола отырып, ол қуаныш сезіміне, жаңа әсерлерге және жаңа ойларға ие болды, бірақ оның сүйіктісі – Ануар одан мұның бәрі үшін көп нәрсені талап етеді деп ойлаған жоқ. Жасөспірімдердің үлкендермен махаббатқа, құмарлыққа, физикалық жақындыққа құрылған арақатынастары дұрыс қарым-қатынас деп саналмайды, сондықтан да олар заңмен жазаланады. Жасөспірімдерге көңіл ауда-

ратын үлкендер психологиялық аутқулары бар немесе психикалық ауруға шалдыққан адамдар болуы да мүмкін, сондықтан ондай арақатынастарға түспес бұрын, сен өзің танымайтын үлкен адамның қамқорлығы мен жылулығын қажет етесің бе – соны ойлан.

Психология, философия және педагогикада адам махаббат, қамқорлық пен жылулыққа өзі оны көрсете алған кезде ғана бөленеді деп баяғыда дәлелдеп кеткен.

Мерейге жылулық пен қамқорлық жетпей жатқанда, оған оны жақындарына сыйлауы жеткілікті еді, сонда ғана ол өз отбасына, жақындарына, достарына басқаша қарап, олардың айырмашылықтарын, әлсіздіктері мен күштерін көруді үйреніп, сонымен қатар өз шекараларын оңай құрып, өз басымдықтарын көрсете білетін еді. Шынында да, басқаларға қамқорлық жасауды білетін адамдар махаббат пен нәзіктікке толы ең

берік, өзара қарым-қатынасқа ие.

Сенің құрдастарыңмен қарым-қатынасың жақсы болса да, дәрекіліктің, негізсіз, қолайсыз талаптардың «алғашқы қоңырауларын» елемеуге болмайды, өйткені бұл дұрыс емес қарым-қатынастың бастамасына және өзіңе деген құрметтің жоғалуына негіз болады. Сенімен қарым-қатынаста болған адам саған қаншалықты жақын әрі сүйікті болса да, саған көрсетілген бірінші құрметсіздіктен кейін бірден қатты шек құрып, оларды сақтауды еске түсіріп, өз абыройыңның жағдайын ойлауың керек.

Жоғарыда айтылғандардың барлығымен қатар Ануардың өзінің іс-әрекеттерінде Мерейді кінәлауі оған ауыр болып тиді. Әрине, Ануардың құрметсіз іс-әрекетінен кейін оның үйіне қайтып барған Мерейдің де кінәсі мүлде жоқ деп айтуға болмайды. Әр адам үшін өзін ерекше, жалғыз, теңдессіз

сезінуі маңызды, сондықтан да ол өзін әдемі, тартымды, сұлу деп санап, оның ойынша, оны жақсы көрген адамды жоғалтып алудан қорыққаннан өз іс-әрекеттеріне жауапкершілік алғысы келмеді. Бірақ Ануардың үлкен адам ретінде Мерейдің қалауы мен еркінсіз жасаған іс-әрекеттері дұрыс емес еді. Ануардың Мерей одан сытылып шығып қашып кеткеннен кейін оның ізіне түсуі, кінәлауі психикасының сау еместігі мен тұлғасының дамымағанын көрсетеді. Сонымен қатар оның Мерейге ондай әрекет жасауы қылмыстық жағынан жазалануы керек, ешкімнің де біреуді аңдып, оның тұлғасына және денесіне қол сұғуға құқығы жоқ. Өзін кінәлау арқылы Мерей жараларын тереңдетіп, өзінің ішкі тоқырауын, өзіне жаңа мәселелер құра, тығырыққа тіреді. Оның құтқарушысы құрбысы Асия болды, ол оны бір хабарласқаннан келіп, алып кетіп қана қоймай, тыңдап, қолдап, Ануардан қорғады. Бірақ барлығының да ондай – әрқа-

шан көмекке дайын құрбысы бола бермейді, сондықтан да жан-жағыңа қара, сол кезде сен ата-анаң мен жақындарыңның, психолог, педагог, құтқару қызметі мамандарының көмектеріне жүгіне аласың. Бірінші қадамды жасап, өз өміріңді мейірімді әрі жарық ет.